

"2009 жылы жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 24 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 1030 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 қазанда № 9-2-144 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 1-3) тармақшасына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылы жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасын іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 24 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-2-123, 2009 жылғы 13 ақпанда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған, "2009 жылы жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 24 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 23 маусымдағы № 758 қаулысымен өзгеріс енгізілді, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-2-140, 2009 жылғы 14 тамызда № 33 "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мына редакцияда жазылсын:

"2) азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік даталарға және жалпықалалық бұқаралық іс-шараларға біржолғы әлеуметтік көмек;"

3) тармақшада "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" деген сөздерден кейін "2008 жылғы 4 желтоқсандағы" деген сөздермен толықтырылсын ;

6), 7) тармақшаларда "әлеуметтік көмекке" деген сөздерден кейін "комиссия шешімі бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшада "отбасыларға" деген сөздер "табысы" деген сөздер "жан басына шаққандығы орташа табысы" деген сөздермен ауыстырылсын; мына мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) медициналық жоғары оқу орындарын бітірген, Рудный қаласына, Горняцк,

Қашар, Перцев поселкелеріне, Железородная стансасына тұрақты жұмысқа келген мамандарға біржолғы әлеуметтік көмек.";

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мына редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті органның әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімі, құжаттардың тізімі және берілетін әлеуметтік көмектің мөлшері әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қалалық консультациялық-кеңесші ведомствоаралық комиссияның ұсынысын ескере отырып, құжаттарды қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде қабылданады;"

2. Осы қаулы 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг